ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 23 шілде № 3115-24-00-2/1291 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е. Қалымханов
сот отырысының хатшысы Д. Мейрамованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы №4 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Мадина Сапаргалиевна Аширбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі В. Ким

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 5 мамыр күні Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы №4 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және жеке кәсіпкер «МАДИНА» Аширбаева Мадина Сапаргалиевнаның арасында прожекторларды (шамды диодты, қуаттылығы 300-700 Вт) жеткізуге № 240077 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған. Шарттың жалпы сомасы 71 940 теңге.

Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі келісім шартқа қол қойғаннан кейін 15 күнтізбелік күн деп көрсетілген.

Шарттың 2-қосымшасындағы тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес сыртқы жарықтандыруға арналған жарық диодты прожектор 400 Вт., шамдар саны 6 дана, жарықдиодтар саны 6 дана, қуаты 400 Вт. кернеу 220 В.,

жарық ағыны 380000 лм., қызмет мерзімі 12 жыл, қорғау дәрежесі IP 65 деп көрсетілген.

Алайда, тауарды қабылдау кезінде тауардың техникалық ерекшелікке сәйкес еместігі анықталған. Прожекторлардың жарық ағыны көрсетілмеген.

Шарттың 5.1-тармағына сәйкес өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады: ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері; 2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі; 3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты.

Прожекторлардың жарық ағыны бойынша ақпарат тауардың өзінде көрсетілмеген және тауарға қосымша ешқандай құжаттар ұсынылмаған.

Сонымен қатар, прожекторларды тексеру (қосу) кезінде жарық ағыны ойын спорт алаңдарын жарықтандыру үшін жеткіліксіз екені анықталған.

Осыған байланысты, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талап қоюмен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі талапты қолдады.

Жауапкер тиісті түрде хабарланды, алайда сот отырысына қосылмады, жазбаша өтініштер, пікір сотқа түскен жоқ. Сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарау туралы ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сай (бұдан әрі - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Зан) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді,

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 30.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Калымханов Е. А., 05.09.2024
3115-24-3-1/1397

жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкер жоғарыда көрсетілген шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған. Техникалық ерекшелікке сәйкес емес тауарды ауыстырмаған.

Заңының 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осыған байланысты талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырылуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы №4 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер Мадина Сапаргалиевна Аширбаеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Мадина Сапаргалиевна Аширбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Мадина Сапаргалиевна Аширбаевадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 30 шілдеде дайындалған.

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 30.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Калымханов Е. А., 05.09.2024
3115-24-3-1/1397

Судья Е.А. Қалымханов

Құжатқа қол қойылған: Қалымханов Е. А., 30.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Қалымханов Е. А., 05.09.2024

3115-24-3-1/1397